While sailing down the stream (in the territory of modern Kazakhstan) his warriors managed to make sallies. During one of those sallies they liberated above-mentioned Jankent for a short time, which made Mongols extremely enraged. In the Barchanlygkent area they constructed a pontoon bridge, installed projectile weapons and started waiting. Timur-Melik learned about the ambush and made landing not far from it. He rode to the south, in direction of Khwarazm. He had been evading prosecution for several days and fighting with Mongols. Finally he lost all his soldiers and left alone, but he managed to fling off his pursuers and reach Khwarazm to resume his struggle with conquerors.

---

**Kazakh land is a witness of great events of world history, which has preserved traces of the past in its bowels: great names and deeds have been preserved in its legends.**

**The duty of current generation is to know and appreciate its history, as love for Motherland is born from knowledge and respect for its great past and hopes for its happy future**







*Бірлік — біздің қасиетті туымыз.*

***Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ***

*Единство — наш священный стяг.*

***Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ***

*Unity is our sacred banner.*

***Nursultan NAZARBAYEV***

***БІР ХАЛЫҚ. БІР ЕЛ. БІР ТАҒДЫР.  
ОДИН НАРОД. ОДНА СТРАНА. ОДНА СУДЬБА.  
ONE NATION. ONE COUNTRY. ONE DESTINY***







# ҰЛЫСЫМНЫҒЫҢ ҰНЫТҚЫСЫ

Базарбек ТҮКІБАЙ





ЕЛБАСЫ: «БІЗ БОЛАШАҚҚА КӨЗ ТІГІП, ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ЕТУДІ МҰРАТ ҚЫЛДЫҚ. ҮДЕУДІҢ СЫРЫ БІРЛІКТЕ. ЖҮДЕУДІҢ СЫРЫ АЛАУЫЗДЫҚТА. СОНДЫҚТАН БАРЛЫҚ БУЫН ӨКІЛДЕРІНЕ ҮН ҚАТАМЫН. АЛДЫМЕН, АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН АҒА БУЫН! СІЗДЕРДІҢ КӨРГЕНДЕРІҢІЗ БЕН ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІҢІЗ КЕЙІНГІ БУЫННЫҢ АҚИҚАТ ЖОЛЫНАН АДАСПАЙ АЛҒА БАСУЫНА СЕПТІГІН ТИГІЗЕДІ, АҒА БУЫННАН КҮТЕРІМІЗ КӨП» ДЕП АЙТҚАН ЕДІ. «ҚАЗАҚТЫ ЕШ УАҚЫТТА СЫРТТАН ЖАУ АЛҒАН ЕМЕС. ҚАЗАҚ ӘЛСІРЕСЕ АЛАУЫЗДЫҚТАН ӘЛСІРЕГЕН, КҮШЕЙСЕ БІРЛІКПЕН КҮШЕЙГЕН» ДЕГЕН АТАЛЫ СӨЗІ ДЕ ӘРБІР АДАМДЫ ОЙЛАНДЫРАДЫ

**Б**иылғы жылы кезектен тыс президенттік сайлау 26-сәуірде болатынын тыңдамаған, оқымаған адам жоқ шығар. Сондықтан біз өздерін тәнті еткен, таңқалдырған, толғандырған, ойландырған жайлар туралы айтары бар шығар деп алдыңғы толқын аға буынға хабарласып, жеке пікірлерін білген едік.

— Президент сайлауын жалғыз ұлымыз ұзақ сапардан қайтып келе жатқандай күтетін болдық. Оның себебі, әр сайлау тұлғаны таңдайды, тұлға тұтас елдің тағдырын шешеді: біздің бүгінгімізді, болашағымызды айқындап, ұрпағымыздың жүретін жолын саралайды. Біз, бәріміз президенттік сайлаудан соны күтетіміз рас, — дейді Түркістан қалалық Ақсақалдар алқасының төрағасы Жарылқасын Әзіретбергенұлы.

— Бұл сайлау менің есіме сонау 90-жылдардың басындағы, Одақ тарап, егемендік алудың дәуірі басталған қиын-қыстау, алмағайып кезеңді ойға оралтты, — деп жалғады сөзін Жарылқасын аға. — Сол олқылы-толқылы кезеңде Президентіміз Алматыда «Балуан-Шолақ» спорт сарайында үлкен жиын өткізгенінің куәгерімін. Сол жиында Президент: «Егерде бірлік болса, қазақтың ішкі бірлігі сақталынса, біз барлық қиыншылықты жеңеміз. Дүниедегі мықты мемлекеттердің біріне айналамыз» деп айтқан еді. Сол жиыннан соң «бірлікті айта бергенше, тоқтап жатқан зауыт-фабрикаларды, тарап жатқан совхоз-колхоздарды айтпады ма?» деп «пыш-пыш» әңгімемізді айтып едік. Президенттің сол айтқаны айдай келіп, бірліктің арқасында керемет ел болдық.

Президенттік сайлау менің ойыма тағы мәңгілік есте қалған 1997 жылды еске еріксіз түсірді.

1997 жылы мен бір колхоздың бастығы болып

қызмет істейтін едім. Адам түсініп болмайтын аласапыран кезең. Колхоз кеңсесіне күніне 20-30 әйел келеді. Айтатындары: «Баламның киімі жоқ, үйімізде үн жоқ, қалаға баратын тиынымыз жоқ» деп егіледі. Тіпті, кейде дауыс салып жылайтындар да болады. Қабырған қайысады, көмектесер дәрмен жоқ. Банкілер жабылған, мал азайған, шаруашылық тарап жатыр.

Қаланың әйелдері аладорба арқалап, ел кезіп сауда жасап, нәпақа тауып жатты. Ауылда аладорбаны арқалап, сауда жасайтын да ақша болмады. Бүйтіп бастық болғаны құрысын деп, салым суға кетіп, ойым он саққа кетіп жүргенде 1997 жылы Президенттің «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасы баспасөзде жарияланды. Бірнеше қайтара оқып шықтым. Мүмкін емес, бұл Жолдау емес, тәтті ертегі деп сенбедім. Барлық нәрсе құрып жатқанда, елу елдің қатарына қосыламыз дегенге қалай сенерсің. Ол кездегі аласапыранды Құдай басқа салмасын. Жұрт тентіреп, есеңгіреп қалған кез еді ғой. Елбасының сол Жолдауда айтқаны анық келіп, айналдырған аз ғана жылдың ішінде бәрі қалпына келіп, экономикамыз орнығып, тұрмысымыз түзелді.

АҚШ-тың экс Президенті Джордж Буш өзінің өмірбаяндық кітабында көп елдердің лидерлеріне баға бере келіп, «Қазақстан Президенті Назарбаев ертеңгі күнді болжай алатын ерекше қасиеті бар адам» деп бағалауы тегін емес. Көрегендік деп қалай айтпайсыз?! Осылай ертегі ақиқатқа айналып, ішкеніміз қымыз, жегеніміз жал-жая мен қазы, мінгеніміз «Құлагердің» орнына «ДЖИП», «Тайота», «Мерседес». Қазақтың қара баласы дүние жүзінің төрт түкпірінде білім алып, оқып жүр. Бізге осыдан артық не керек! Шүкіршілік. Тәубә!



Елбасы: «Біз қайда бара жатырмыз. Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіспіз» деп айтты. «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» «Нұрлы жолға» бастады. Мұны мен қазір ертегі демеймін, сөзсіз сенемін.

Ұлыбританияда темір леди атанған Маргарет Тэтчер: «Назарбаев мені әрдайым таңқалдыратын, қазіргі кездің рамкасына сыймайтын үлкен тұлға» деп бағалаған, дүние жүзі сыйлаған Елбасымыз бар елміз. Сондай азаматты бағалай білейік. Соңынан еріп, Қазақстан туын желбірте берейік.

Ақ жүрегімен ақтарыла айтқан алдыңғы толқын ағаның әңгімесі мені де өткен күндерге жетеледі. Осыдан бес жыл бұрын Республикалық газеттер бірлестігінде жұмыс істеп жүрген кезімде «Құрмет белгісі» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Нұр Отан» партиясыдан белсенді еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі Байдулла Қонысбекпен сұхбаттасудың сәті түсті. Алдын ала келісіп алғандай әңгімеміз ашық, бүкілсіз түрде өрбіді. Ысылаған, көпті көрген, тәжірибесі мол, алдыңғы толқын аға, кейінгілерге — жолбасшы деп Байекеңе билікке байланысты бір-екі сұрақ қойғаным бар. Сонда Байекең: «Тіпті жұмыс жасамай жатқандай сүмірейтіп жібердің ғой. ЕҚЫҰ төраға болсақ, бүкіл әлемнің басшылары Саммитке келіп, әңгіме-дүкен құрып жатса, күллі дүние жүзінің мұсылмандары Қазақстанда кеңесіп, кеңесін өткізіп жатса, ал енді бүкіл әлем мойындап отырған Қазақстанды салиқалы сардар, саясаттың хас шебері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басқарып отырған мемлекетіміз осынша биікке көтерілгенде қазіргі билік басындағыларды қалай жерге қаратып, сүмірейтіп қоямыз. Кемшілік жоқ емес, бар. Бірақ кім жұмыс істемесе, сонда кемшілік болмайды. Жұмыс істейтін адам біреуді мақтауға, біреуді даттауға уақыты жоқ. Ол өзінің жұмысымен айналысады. Әр кадр өз мамандығын жетік біліп, сол салада таза жұмыс жасаса, бүкіл Қазақстан көтеріледі. Ал енді сол салаларды басқарып отырған азаматтардың, мен айтар едім, үлес салмағы үлкен. Неге біз оларды жамандауымыз керек. Сондықтан да мына сұрағың маған онша ұнап тұрған жоқ. Жетпіске келгенде жерге қаратайын деп тұрсың ғой...» деген еді.

Жақында сол Байекеңе хабарласып, жаңа қазақстандық патриотизм жөнінде ой-пікірін білгім келген. Ағамыз әңгімені Елбасының сөзінен бастады: «Мемлекет және халық ұлттық патриотизмді сезініп, бірлесіп жұмыс істеуге тиіс. Әрбір адам өз бойында және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл мемлекеттің алға дамуының негізгі шарты» деген жоқ па. Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзатқа қауіпті» дегенін бәріміз білеміз. Осы сөзді қазіргі заманға лайықтап айтсақ, ешқандай демократия да, шіріген

байлық та, дамыған экономика да ұрпақтары ата салтын сақтамаса, ұлттық салт-дәстүрін бойына сіңіре алмаса, ұлттық тәрбиемен сусындамаса ешқандай мемлекет жойылып кету қаупінен құтыла алмайды. Бұл аксиома.

Біз бала тәрбиесін айтқанда алдымен мектеп, директор, ұстаздарды сөз етіп, барлық кінәні тек солардан іздейміз. Бұнда шындық та, қателесу де бар. Жақында бір ғалымның осы мәселе төңірегінде көлемді зерттеу мақаласын оқыдым.

Соғыстан кейінгі жылдары бала тәрбиесіне кері әсер ететін 7-8 нәрсе ғана болған екен. 1970-1980 жылдары ол 15-20-ға жетіпті. Ол кезде мектептің балаға әсер етуге толық мүмкіншілігі бар екен. Ал, қазіргі кезеңде бала тәрбиесіне кері әсер ететіндер саны 100-ден асып кеткен. Бұл жағдайда ұрпақ тәрбиесіне ұстаз да, ата-ана да, БАҚ-та, билік те, кәсіпкер де, ақсақалдар мен қариялар да түгел атсалыспаса қиын болуы мүмкін. Мектепті, ұстазды сынай бергенше ел болып, ұрпақ тәрбиесіне жаппай көмектесейік. Бұл қиындықтан бізді таза ұлттық тәрбие, бабаларымыздан қалған дәстүр мен алтын тарихымыз алып шығады, — деді.

Иә, ақсақалдардың айтары аз емес, бірақ әңгімені елін сүйген, елі сүйген Елбасыдан бастадық қой, ендеше түйінді де сонымен түйіндейік. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жиындарда сөйлеген әрбір сөзі қанатты сөздер мен тұрақты тіркестерге тұнып тұр: өлеңге — арқау, жырға — азық. Шалқытып шалқыма жаз.

Әлі есімде, Елбасы бір жиында сөйлеген сөзінде «Қазақта ел байлығы, жер байлығы» деген ұғым бар. Мен соған «ер байлығын» қосар едім» деді. Шынымды айтсам, осы бір ауыз сөз шалқыма жазуға сұранып тұрды: Сезімімді шайқасам сел боласың, Елбасымды сыйласаң ел боласың. Ел мен жерге «Ер — байлық» алып келген, қазағымның сұлтаны сен боласың...

Сол секілді қазақ десе, қазақ елі десе елжірей кететін түрік қызы Асылы Османова бірде Елбасының ерен еңбегі туралы теледидардан сөйлеп жатты, мағынасы: Есімі де мінезі тосын азат, маған сондай ұнайды осы қазақ. Мойындатты, әлемді мойындатты, бірлерінен бірі өткен досы ғажап...

Астана төрінде «тілі басқа тілегі бір, жүзі басқа жүрегі бір» әр ұлт өкілдері жүздесіп, Қазақстан халқы Ассамблеясының жиынына қатысқан кез. Сырттай қараған адамға керемет сурет, ғажап көрініс: Бар халықпен татумыз суыспаған, ақ жүректің бәрі де туыс маған. Ұлысымның ұйытқысы Астанада, Ынтымақ пен бірлікті ту ұстаған...

**Биыл Қазақ хандығына 550 жыл, Ұлы Жеңіске 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Қазақстан Конституциясына 20 жыл толады. Қысқасы,** шалқыманы шалқытатын жыл: Елбасыға жұртым-ау, неміз керек, шын пейілден туылған лебіз керек. Егіздерді бөлмейді бір-бірінен, еліменен Елбасы егіз жүрек!



# THE ONE WHO IS DESTINED TO BE THE LEADER

**Bazarbek TUKIBAY**

The Head of State said, “We have taken an aim at future, intending to turn independent country into “Mangilik El”. The secret of progress lies with unity. The secret of regress lies with discord. That is why I appeal to elder generation, “Your life experience should render assistance to future generation, so that it could follow the truth path. We expect a lot from elder generation”. “No enemy from without has ever conquered Kazakhs. Kazakhs had been weakened by discord, and have grown stronger thanks to unity”, these words set us thinking.

They call for Unity, Friendship, and Collaboration.

We took opinion of the elder generation about the Head of State and forthcoming early presidential elections.

— We look forward to presidential elections. Because people are going to elect personality, who decides destiny of the whole nation, defines our future, and chooses development path. These elections remind of 90’s, when the Soviet Union broke up and hard days came. In those restless days the President held a meeting in Almaty, where he said, “If we preserve inner unity of Kazakhs, we shall

overcome all obstacles and become a powerful country”. We started talking among ourselves, “Instead of talking about unity, he would better talk about inoperative factories and plants and collapsing sovkhoses and kolkhozes”... Today we received evidence that President’s words had been right as our country became prosperous thanks to unity.

- Early presidential elections in the Republic of Kazakhstan reminded me of those dashing 90’s.

At the time I was the head of collective farm. The country was in chaos. Daily 20-30 women would come to me with tears in their eyes, asking for money to buy food. All banks had been closed, cattle had been sold, and farms had been breaking up.

Women in town could, at least, sell merchandise, while people in aul did not have money at all. I was in despair, and then in 1997 a strategic programme initiated by the President Nursultan Nazarbayev “Kazakhstan-2030” got published. I read it over several times and could not believe my own eyes. I thought that it was a fairy tale. How could I believe it, while the world around was being ruined and



was falling to pieces and we aimed at getting onto the list of the world's fifty most developed countries. Nevertheless words of the President came true. Everything sorted itself out, economy is being developed and wellbeing of the people has improved.

Ex-President of the USA George Bush in his autobiographical book made evaluation of leaders of different countries, including our Elbasy, "The President of Kazakhstan Nazarbayev is a very far-seeing and extraordinary person".

Today our reality is such that we drive foreign brands of cars, our children study in foreign universities, and we have got stable jobs.

The Head of State said, "By 2050 Kazakhstan has to be among world's thirty most developed countries". Today our course is "Nurly Zhol". We have "Common goal, common interests and common future". I believe that we shall become "Mangilik el".

Our country amazes the world. The once "Iron Lady" of the Great Britain Margaret Thatcher said, "Nazarbayev never fails to amaze me, he is a great personality of the present, he is out of limits". Thus we should value the citizen of our land and follow him with Kazakhstan flag!

The story right out of Zharylykassyn Aziretbergenuly's heart made me recall an interview with a writer, honorable journalist of Kazakhstan Baydulla Konysbekov, which took place five years ago.

Sometimes I would ask him captious questions, but the experienced journalist managed to circumlocutionize and was engaged in a substantive discussion. He provided following answer to the question about governing body of country, "When the country is governed by such politician as Nursultan Nazarbayev, when the country is recognized by the world community, when leaders of the world gathered here for Summit, when Muslims from all over the world have been gathering in our country for several years, what kind of criticism against our leaders could there be? Only the one who does not work is unable to make mistakes.

The one, who is busy working, does not have time for praising or humiliating others. If every worker knows his area, the country will rise sooner. Why do not we recognize merits of those who deserve it? I do not like your question."

I found my own question funny.

Recently I have got in touch with Baydulla Konysbekov, as his opinion on new Kazakh patriotism seemed important to me.

He started with words said by the Head of State, "The state and people should apprehend national patriotism... Every person should foster new Kazakh patriotism in his children and himself. It is a main condition required for state development".

We know the words of Al-Farabi, "Knowledge given without nurture is dangerous for humanity". If we adapt these words to modern realia, we will get following phrase, "Neither democracy, nor wealth, nor developed economy will save a state from vanishing, if rising generation does not venerate traditions, customs and is not being brought up in accordance with national spirit. It is an axiom. When discussing education, we start blaming school, director and teachers". It is both erroneous and rightful. Recently I have looked through a voluminous work of one scholar. It says that in post-war years there were 7-8 negative factors which could influence children's education. In 1970-1980 the number increased and totaled about 15-20. Nowadays there can be found more than 100 such factors. In this case everyone, including teachers, parents, mass media, government, businessmen, aksakals and elders should be involved in the process of educating younger generation. Instead of criticizing schools and teachers, we should render assistance in bringing rising generation up. There is one way out of this situation, i.e. purely national education, traditions, left by our ancestors", said Baydulla Konysbekov.

Thanks to the policy pursued by the Head of State and roots of Kazakh Khanate, Kazakhstan became modern, independent country with powerful economy, recognized by the world.

Twenty years ago the country adopted the Constitution as a basis of statehood and independence; the Assembly of the people of Kazakhstan was established as a stronghold of unity and peacefulness.

Every word said by Nursultan Abishevich Nazarbayev during different speeches, becomes a popular expression.

In my memory I keep recalling following words of Elbasy, "Kazakhs have such notion as wealth of land, peoples' heritage"...

A session of the Assembly of the people of Kazakhstan in Astana gathered all people whose lives and thoughts are united. This is an amazing sight, resembling a rainbow.

On April 26 early Presidential elections will be held. The nation will choose its Leader. He is already known to us.



Сабыр АДАЙ:

«СЕН, ӘКІТКЕНІ,  
ҚАЗАҚСЫҢҒОҚ,  
БАУЫРЫМ!»





ЖАҚЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ЖҮЗІНЕН ЖИНАЛҒАН АҚСАҚАЛДАРЫ МЕН АЗАМАТТАРЫ «ОТПАН ТАУДА» БАС ҚОСЫП, БАБАЛАР РУХЫН БАЯНДЫ ТАРИХЫМЫЗДЫҢ БАСТАУЫ РЕТІНДЕ ДӘРІПТЕУ АРҚЫЛЫ ЕЛДІ ЖАСАМПАЗ ЕҢБЕК, ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ, ЖАЛЫНДЫ НАМЫС ЖӘНЕ БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕГЕ, ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚҚА ШАҚЫРДЫ.

БҰЛ БАСҚОСУ – «МӘҢГІЛІК ЕЛ» РУХЫН АСҚАҚТАТҚАН, ҰЛТ БІРЛІГІН ТУ ҚЫЛЫП КӨТЕРГЕН, МАҢҒЫСТАУ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ОҚИҒАЛАРДЫҢ БІРІ БОЛДЫ. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАҚТАЛЫНҒАН «ОТПАН ТАУ» ТАРИХИ ТАНЫМДЫҚ ЭТНО-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ИДЕЯ АВТОРЫ САБЫР АДАЙМЕН ТІЛШІ СҰХБАТЫ



— *Сабыр аға, осыдан он бір жыл бұрын Сіздің «Адай-ата рухына арнап ескерткіш-кесене тұрғызу керек» деген мақалаңыз республикалық мерзімді басылым бетінде жарияланды. Халық қолдады, 2007 жылы ашылу салтанаты өтіп, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арнайы құттықтау жолдады. Автор ретінде «Отпан тау» тарихи танымдық этно-мәдени орталығының қысқаша құрылымдық баяннамасы мен тұжырымдамасына тоқталсаңыз?!*

— Мен, бұл сұрағыңызға барынша қысқа да нұсқа жауап беруге тырысайын. Халықаралық жағдайлардың құбылмалы тұрақсыздығымен әлемдік-саяси күштердің (Алпауыттардың) шикізат және мұнай сияқты өндірістік қуат көздеріне деген мұқтаждығы күннен-күнге өрескел өзіншілдіктің, бүліншіліктің бүркемелі әрекетіне айналып бара жатқаны жасырын емес. Күллі қазақ даласы секілді, Маңғыстау өлкесі де шикізат қорына, әсіресе мұнай кендеріне өте бай. Тарихи таным тұрғысынан өндірістік өлкені негіздеуі түсу үшін Отпан тауға Адай-Ата кесенесі салынды. Сыртқы саяси күштердің алдында Тәуелсіздіктің тұғырын бекемдей түсу үшін қажет болған қадам. Амал-әрекеттерді бұқара халықтың санасында қалыптасқан салт-дәстүрлерден алуды мақсат тұттық. Ұлттық мәдени шараны ұйымдастыруға, жасауға бұқараның өзінің бастамашыл күш-қуатын пайдалану — көздеулі нысана. Ұлттың ішкі тұтастығы мен бірлігін кез келген сыртқы саяси ойындардың қақпанына түспейтіндей дәрежеде қалыптастыру, қуаттандыру, жетілдіру, жігерлендіру амалдарын бұқара халық өз бойынан өзі іздеп табуға итермелеудің әдістемелік көрнекілігін жасау. Үкімет тарапынан Отпан таудағы мәдени шаралардың барынша сән-салтанатпен өтуіне мән бергені дұрыс... Еңсесін көтерген Халық — Ерлік

пен Бірлікті ту қылып ұстайтын болады. Ескеретін бір жағдай:

**Біріншіден**, өлкеміз бен көршілес отырған елдердегі кейбір «зиялы бауырларымыз бен мансап иелерінің» Маңғыстау сияқты мұнайлы-түбекті өздеріне теліп икемдеу деректері күн тәртібінен түскен жоқ. Қажет жағдайда айдап салушы алпауыттар да табылады. Ал Адай-ата кесенесі болса Атамекенімізді мәңгілік айғақтап тұру үшін Отпан тауға басқан қалың қазақтың Мөрі!.. Шекараға қағылған қазақы рухымыздың алтын қазығы және ұлтымызды тұтастық пен бірлікке шақырып тұрған ұран оттың шалқыған алауы, байтақ бұқараның қалауы.

**Екіншіден**, қазақ халқы тарихи зұлматтардың қырсығынан саны аз, сапалық тұрғыдан іштей іріп, алақұла күй кешіп Тәуелсіздікке жетті. Ортақ ұлттық арнамыс пен қандастықтан, түсіністік пен сүйіспеншіліктен, салт-дәстүрден шегініп, жатпен жарнақтасып, тас бауыр, суық бола бастады. Өзге діндерге еліктеп, басқаларға бас иіп, сүйеніш іздеуі де жаңды ауыртатын көрініс. Осындай жағдайда ресми билік пен мемлекеттік қызметкерлерге қарап отыра беру аздық етеді. Олар қолынан келгенін жасап жатқан болар.. Біз — бұқара халық жастардың, жалпы қазақ халқының тұтастығы мен бірлігіне қызмет жасаудың амалын іздеуіміз керек. Бұқара халықтың күнделікті тұрмысындағы ақыл-санасына сіңісті болған ұлттық салт-дәстүр негізіндегі қарапайым қағидаларды елеп-екшеп пайдамызға жаратуымыз керек. Бүкіл қазақ «ия, солай ғой...» дейтіндей ортақ даусыз қағида, өнегелі өріс, көсегелі кеңес керек. Міне, осы орайда қазақы шежіре, салт-дәстүр, бабаларымыздан қалған қарапайым қағидалар, атап айтқанда: қарашаңыраққа келу, қарақазаннан дәм тату, көрісу т.с.с ұлттық ұғымдар көмекке келеді. Түпкі мақсат — Қарашаңыраққа келу, қарақазаннан дәм тату және көрісу салтанатының ая-





сында күллі қазақ азаматтарының рухын туыстастырып, жастарға ұлттық бірлік пен ортақ ар-намысты және Отаншылдықты дәріптеу. Халықтық қағидаларға сүйене отырып, бұл мәдени шараны бұқара халықтың өзі ұйымдастырып, жетекшілік кейіпке енуіне мүмкіндік жасау (бұлай жасау халықтың белсенділігін арттырып, өз-өзіне деген сенімін оятады). Халықтың Отаншылдық қабілеті оған сенім артқанда ғана гүлдене түседі. Сол үшін бұл мерейлі мерекені жергілікті ақсақалдардың ұсыныс, шешімімен үш жүздің ақсақалдары мен азаматтарына бере отырып, мемлекет те көмектесу арқылы қадағалауына, ықпал жасауына болады. Қазақтың ақсақалдары мен ұл-қыздары, тіпті түбі бір түркінің азаматтары Ұлттық қағидаға сай қарашаңырақта бас қосып, қарақазаннан дәм татып, әр аймақтың ән-күйін шырқап, танысып-білісіп жатса той үстіне той емес пе?!.. Келемін деушілердің барлығына мүмкіндік туады, мұның өзі халықтың көңілін семіртіп, дәрежесін теңестіреді. Осындай ақ-адал тілектің күші мен қуаты, Отпан таудағы ұлы шаруаға мұрындық болуыма себеп болды. Елбасы да, ресми Билік те — қазақстандықтарға ортақ тұлғалар. Қазаққа тиімді шараларды біз, бұқара халық өзіміз жасауымыз керек. Билік мұны бәрімізден де терең түсінгені және жол бергені жөн. Құдайға шүкір, өзге ұлттарға мүмкіндік беріп отырмыз. Қазақ халқының да бұқаралық тұрғыдан ұлттық айшығы бар айтулы мерекесі болғаны дұрыс қой (әрине, қазақстандағы барлық шаруа түптің-түбі қазақтың мүддесі үшін жасалынып жатқанын түсінеміз. Дегенмен, өз ұлтымыздың бірлігін нығайту аса қажетті сұраныс, уақыт талабы). Отпан таудағы жасалынып жатқан шаруаларға Н.Ә.Назарбаевтан бастап талай-талай азаматтар, көрнекті тұлғалар ақ тілектерін білдіргені көпшілікке мәлім. Әр Атаның ұрпақтары қызметті бөліп алып, қоғамдық негізде жылына бір мәдени нысанды тұрғызып мемлекеттің құзырына беріп келеді. Мұның өзі керемет көрініс және Отаншылдықтың белгісі емес пе?!.. Осы орасан асқақ шаруаның биылғы ауыртпалығын Маңғыстауда Мұңал Ата ұрпақтары өз мойындарына алып, игілікті іс тындырып жатыр. Бекет Атаны дүниеге әкелген ауылдың берекеті қашан да мольнан, шарапаты оңынан болсын. Алланың нұры жаусын, ел үшін жүрген Азаматтарға!

— *Сабыр аға, қазақ халқының туыстық сана-сезімін ояту салт-дәстүрімізді дәріптеу және ұлттық мерекені бұқара халықтың өзінің жетекшілігімен баянды етудің амалы екен ғой.*

— Ия, дұрыс айтасыз. Сол қарапайым қағида ғой. Шамамен негізгі тұжырымдамасын былайша өрнектеуге болады:

1. Салт-дәстүр негізінде қалыптасқан ұлттық, қоғамдық жүйені бүгінгі күннің талап-тілегіне ыңғайлап, қазақтың ішкі тұтастығы мен бірлігіне дәнекер-ұйытқы қылып, төл халықты әр аймақта оқшаулану мен әркелкіліктен сақтау.

2. Ұлттық мүддемізді қорғай отырып, Ресми Биліктің әлемдік саясат сахнасын да өз халқының үнсіз түсіністігі мен ішкі үйлесіміне, бірлігі мен тұтастығына табан тіреуін

қамтамасыз ету.

3. Амалдың (Наурыздың) 13-14-де бас қосқан қазақ ақсақалдары жыл сайын алдағы Наурыз мерекесіне арнап «Үндеу хат» жолдап қазақстандықтарды құттықтап, бірлік пен берекеге шақырып отырса, ол да Қазақ халқының барлық берекет пен бірліктің кепілі екендігінен хабар беріп тұрар еді. Қазақ ақсақалдарының және азаматтарының беделін арттырар еді әрі бұл бұқара халықтың өзінің үндеуі болып шығар еді.

— *Сабыр аға, Қарашаңырақ, қарақазан, көрісу, Ұран от жағу сияқты амал-әрекеттер мен дәстүр-салттарды түсіндіре кетсеңіз?..*

— «Отпан тау» тарихи танымдық этно-мәдени орталығының мақсатты жұмысына негіз беретін қарапайым қағидаларға жалпы түсінік бере кетейін:

Қазақ шежіресі — Қазақ халқының жадында сақталған рулық шежіреде бүгінгі қазақ баласының барлығы, қазақ атадан өсіп-өнген бір кісінің баласы екендігі айтылады. Мәселе ұлттық шежіренің ғылыми және тарихи танымдық зерделеу тұрғысынан қаншалықты нақтылығында емес, тегін іздеп тереңдеген сайын бүгінгі барлық қазақты бір кісінің (қазақ атаның) баласы қылып шығаратын тұтастыққа негізделген — тайға таңба басқандай құрылымдық құндылығы мен сабақтастығында. Тірілер үшін керек кемеңгер жүйе. Тегін білген қазақтың — бәрі туыс!

Қарашаңырақ — ұлы, негізгі, киелі, байырғы, мұрагер, бас шаңырақ деген ұғымдарды береді (т.с.с). Ұлттық салт-санада қарашаңырақ ұғымы өте әділ шешімін тапқан. Мысалы: бір әкенің үш ұлы бар делік. Күндердің күнінде үлкен екі ұлын үйлендіріп, жеке отау тігіп бөлек шығарады. Ал кенже ұлы әке-шешенің қолында, қарашаңырақта немесе бас шаңырақта қалады. Негізгі мұрагер кенже ұл болады. Атадан, әкеден қалған қарашаңыраққа мұрагер болғандықтан — кенже ұлдың жасы кіші болса да, жолы үлкен болады. Ұлдың кенжелігін қарашаңыраққа берілген жол мен аманат толтырып, еселеп, теңестіріп тұрады. Сол шаңырақтан отау тігіп бөлек шыққан ұлдары мен қыздары сәлем беріп, төркіндеп, амал айында көрісіп ата-ананың бар кезінде де, жоқ кезінде бірінші қарашаңыраққа келетін болады. Бұл ата-бабасына және ұшқан ұясына деген құрмет. Туыстықты, қандастықты, бауырластықты баянды ету. Ұлттық тұрғыдан қарайтын болсақ:

Атамекеге, ата дәстүрге, ата-салтқа, баба-тарихқа деген құрмет. Ортақ ұлттық қағиданы мойындап, әрбір әрекетімізді бауырластық пен туыстыққа икемдеу.

Қарашаңырақтың қарақазаны. Қазақтың Қарашаңырағы — Маңғыстау. Елдің Қарақазаны — сол бірлік пен берекенің, құт пен құлпырған жасампаздықтың рухани және заттық бейнесі мен тұғыры. Қазан Түркістандағы Ясауи мазарында да бар. Бірақ ол Исламдық тұтастыққа үндейтін рухани мұрамыз. Ал Отпан таудағы қарашаңырақтың қарақазаны — ұлттық, тектік рухани мұрамыз. «Амал» мерекесінің 13-і мен 14-інде Отпан тауға жиналып, Қазақтың Үш жүзінен шақырылған



ақсақалдары мен азаматтары сол ортақ Қарашаңырақтың қарақазанынан дәм татса, жылма-жыл жаңғыртып үрдіске айналдырса, ұлтымызға ұлағатты бірлік, құт пен бақ, береке мен ырыс келеді.

**Дәм тату** — Қазақтың: «бір күн дәмге — қырық жыл сәлем» дейтіні бар. «Дәм аттаған оңбас» деп жататын да сол қазақ. . Қазақтың үйге келген қонаққа: «наннан ауыз ти, ағарғаннан ауыз ти...» деп қиыла қарағаны — «барымды бөлісіп, бауыр болғым келеді» дегені ғой. Осы ақ-адал дәстүрді ұлттың ішкі бірлігіне пайдалансақ жаман ба ...

**Қарашаңыраққа көрісіп келу дәстүрі.** Көрісу — жүздесу. Жүздесу — танысу, білісу, достасу, сырласу, мұңдасу, түсінісу, сену, қанағаттану. Ойлап қараңыз: түсінісу, сену, қанағаттану — адамдарды барлық жақсылыққа бастайтын рухтың тәңірлік нәрі емес пе!.. Маңғыстау халқы амал айының (наурыз) он үшін он төртін қараған жұлдызында, өз әулетінің қарашаңырағынан бастап, ел ақсақалдарына, жас-үлкендерге, ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттарға жол-жоралғысымен көрісіп шығады. Осы салт-дәстүрді жалпы ұлтымыздың ішкі тұтастығын нығайтуға пайдаланып жылма-жыл үрдіске айналдырсақ деймін. Араласпаса ағайын жат болады. Отпан тау жер жүзіндегі қазақтардың жылына бір рет Көрісе келіп дидаласып, туыстық, қандастық махаббатына нәр алатын жері болады.

**Бата беру.** Бата — Алланың тарапынан нұрланып, сәуленіп рухани күш-қуатқа ие болған шын алғыс пен тілек. Жеке тұлғаның және көпшіліктің жалқы мен жалпыға бағышталған көңіл ітипаты. Бата алу — Алла тарапынан рахмани және рухани күш-қуат алумен қатар, нысаналы бағытының шындығы мен ақиқатына қоғамдық негізде көз жеткізіп, кепілдікке ие болу. Қазақта: «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас», «Батамен ер көгерер, жаңбырмен жер көгерер», «Батасыз іс — баянсыз» деген мақал-мәтелдерді мысалға алсақ та жеткілікті.

**Ат мінгізіп, шапан жабу деген де бір керемет дәстүр бар.** Ат — Ердің қанаты, шапан — Ердің қамсауы, абыройы. Ат мінгізіп, шапан жапқанда да барынша дәріптеп, бағалап, тиісті рәсімдер орындалуы керек. «Бере салу, ала салу, жаба салу, міне салу» сияқты жадағайлық пен жалпақшешейлік құнын кетіреді. Жалпы ұлттық салт-дәстүр мен өнерді көздің қарасындай сыйлау және сыйлату парыз бен қарызымыз. Ұлттық өнерге келетін болсақ, өнердің тарихын өнерпаздардан бөліп қарауға болмайды. Қоғам немқұрайлылықтан сақтануы тиіс. Ұлттың ұлттығын танытатын оның салт-дәстүрі мен өнері.

**Бірінші:** Отпан тау — Қаратаудың ең биік шыңдарының бірі. Сол биік шыңды халықтың сыртқы жаудан қорғанын тұғырына айналдырып, бабаларымыз жау келген жағдайда «ҰРАН-ОТ» жаққан. Бірақ бұл — мәселенің бір жағы. Оның үстіне кейбіреулер: «Бейбіт заманда ұран оттың қажеті қанша» деген сөзді алдыға тартып, жоққа шығарғысы келеді. Бейбітшілікке шақыру — аяушылыққа шақыру емес. Тең тұрып сөйлесе алатындай дәрежеге жетіп, теріс пиғылдарға жол бермеу.

**Екінші:** ҰРАН — ойлануға, белгілі бір іс-әрекетке дер

кезінде мән беруге, аса маңызды шаралар мен шаруаларды айшықтап көрсетуге шақыру, көпшілікті қоғамдағы ең бір өзекті мәселеге қарай жұмылдыру, үндеу. Мысалы, имандылыққа, білімге, бірлікке, еңбекке, ерлікке, елдікке, отаншылдыққа шақыру, Елбасының үндеулері, жақсылық пен жасампаздыққа бастау, жұмылдыру, бейімдеу, бағыттау, қанаттандыру, қамқорлау, алдын-ала сезіндіру, бекіту, бекемдеу, тұрақтандыру және баянды ету, армандау мен үміт ету, жалқы мен жалпыны, ой мен істі, ұрпақ сабақтастығын дәнекерлеудің негізінде «Ұран салу, бастама көтеру, белсенділікке итермелеу... т.с.с.» ұғымдар жатқан жоқ па?!.. Демек, «ҰРАН салудың» барлығын бірдей жаугершілік пен жамандықтың шылауына байлап беруге болмайды.

**Үшінші:** ОТ — жарық, сәуле, жылу, қозғалыс және өнеркәсіп пен өндірістік мәдениеттің күш-қуаты. От — Күннің жарығы, айдың сәулесі. Күн — тіршіліктің көзі. Шырақ жағып, май түтету, от жағып аластау да бабалардан қалған дәстүр. Қазақта: «Жалынды жастық», «Сәулелі ғұмыр», «Отты жүрек», «Қазаныңнан ырыс, ошағыңнан от кетпесін...», «Көзінде от бар екен...», «Жанартаудай лапылдап, жасыңдай жарқылдап...» деген сияқты мақал-мәтелдер, сөз тіркестері көп емес пе?!.. Демек, «от» деген сөзден теріс айналудың қажеті қанша?!.. Міне, осы айтылғандарды ойға түйіп, Отпан Тауда жыл басы «Амал» мерекесінде ҰРАН-ОТ (ұран от) жақсақ: жарқын болашақ, сәулелі ғұмыр, жасампаз еңбек, жалынды намыс және белсенген бірлік пен берекетке, ұлттық тұтастыққа шақыру деген сөз болып шықпай ма?!.. Мерекенің сәні, мерейлі тірлігіміздің мәні және шалқыған көңіліміз бен ұлттық күш-қуат жігеріміздің лапылдаған көрінісі болмай ма?!.. Езіліп, еңкейе бергенде не ұтамыз!?!.

**«Отпан тау» тарихи танымдық этно-мәдени орталықтың ашылу салтанаты 2007 жылдың қазан айының 25-жұлдызында болды.** Күллі қазақ даласынан, алыс-жақын шетелдерден 40-50 мыңға жуық азаматтар қатысты. 600-ге жақын үй тігілді. Аталмыш мәдени орталықтың жұмысы жанданған сайын, толыққанды маңызға ие болып, жасампаздана түсетін болады. «Отпан тау» тарихи танымдық этно-мәдени орталығы Маңғыстау Облыстық Мәдениет Басқармасына қарасты, «Отпан» қазыналық кәсіпорнының меншіктік құзырында...

Маңғыстау өлкесінің ескі Қаратау бойындағы ең биік шоқыларының бірі. Халық аузында Отпан тау туралы әңгіме желісі өте ескіден бастау алады және әртүрлі бағытта баяндалып, киелі мекен ретінде аңыздарға арқау болады. ОТ-МАН атауының өзі тым ежелгі тарихтың куәсі екендігінің айғағы. Отпан таудың биік шоқысында ҰРАН-ОТ жағылып, халықты сыртқы жаудың бейқұт шабуылынан қорғануға шақырудың амалдары жасалынған. Ел қорғаған Ерлердің табан еті мен маңдай терінің ізі қалып, жүректеріндегі ар мен намыстың, Елдіктің рухы сіңген жер. Бабаларымыздың Ұлы Даланы ұрпаққа аманаттап аман-есен тапсыру үшін, түн ұйқысын төрт бөліп ұлтымызға тән береке-бірлік пен бейбітшіліктің Туын құлатпай Көкбөрідей жортуылдап, Арыстандай айбат шегіп, Жолбарыстай жағаласып,

**Қ**азақстан халқы ел тәуелсіздігінің игілігін жыл өткен сайын молынан сезіне түсуде. Өз тағдырымыз өз қолымызға тиіп, экономика нығая бастасымен-ақ, біз «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдап, киелі жерлерімізді, батыр бабаларымызды, мәдени мұраларымызды тарих қойнауынан арышып алып, тереңінен сыр тартып, жаңғыртып, қадірлеп, қастерлеуге ден қойдық. Құрылыс жұмыстары аяқталып, бүгін ашылғалы отырған «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені де осы ел тәуелсіздігінің тікелей жемісі екені анық.

Көне де қасиетті Маңғыстауда сан қилы сын сағаттарында ұран отын жаққан, кәрі сеңгір Отпан таудың бүгінде мәңгілік отын маздатар Тағзым биігіне айналуы жан сүйсінер жақсылық, өткенге деген құрмет, болашаққа деген жауапкершіліктің биік өнегесі дер едім. Бұл кешен түбі терең тарихымызды ұрпақтарымыздың есіне салып, жүректеріне имандылық нұрын сеуіп, ұлы мұраттарға үндеп тұратын болды. Ол сондай-ақ, Маңғыстау өңіріне жолы түсетін қазақстандықтар мен шетелдік туристердің де арнайы іздеп барып тәу ететін қасиетті мекенжайына айналады деп үміттенемін.

Баршаңызды еліміздегі тағы бір қасиетті тарихи-мәдени кешеннің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бәріңізге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**





Қырандай қырағылық танытып, Ұран салып өткен жері.

Қазақ ұлттық мәдениетінің негізінде жасақталынған «Отпан тау» тарихи танымдық этно-мәдени орталығының рухани-сәулеттік кіндік-нысаны — Адай-Ата кесенесі. Теңіз деңгейінен есептегенде 531 метр биіктіктегі Отпан таудың ең биік шоқысынан бой көтеріп, алтын күмбезі аспанмен астасып тұр. Отпан — бірліктің ордасы. Бұқара халықтың ұлтының болашағы үшін билікпен бірге алға қадам басуының айғағы. Әрбір қазақ ұлт тағдырының күзетшісіне, сайыпқыран сардарына айналуы керек.

— **Сабыр аға, ашылғанына біраз уақыт болыпты, нәтиже қандай?!..**

— Мысалы, мына мәселеге мән беріңіз. Амалдың 13-14-де көрісу дәстүрі қазаққа ортақ қағида.

Бұрын Маңғыстау халқы көрісу салтанатын әртүрлі деңгейде өткізіп келді. Кейінгі жылдары ұсақ-ұсақ мейрамханаларда бас қосатын болды. Бәрі де дұрыс, халық ұйғарған нәрсенің жаттығы жоқ. Алайда соңғы жылдары көрісу салтанаты Отпан тауда ақсақалдардың шешімімен, мемлекеттік қызметкерлердің басқаруымен бір орталықтан өткізіле бастады. Енді, міне биылғы мерекеге Қазақстанның он төрт облысы мен екі қаласынан ақсақалдар, қоғам қайраткерлері шақырылып, ұлтымызға ортақ мерекеге айналудың алғы шарттары бедерленуде. Көрісу салтанаты бұған дейін дәл осылай жалпы қазаққа ортақ мәнге ие болып көрген жоқ. Ұлттық тұтастық пен бірлікке жетелеу деген осы. Қаншама оқушылар, студенттер бұл жерді тамашалап келіп-кетіп жатыр. Шетелдіктер де, алыстан келген ағайындар да міндетті түрде атбасын Отпанға тірейді. Өзгелер өзін-өзі сыйлайтын ұлтты ғана мойындайды. Бабалар рухы — баянды тарихымыздың бастауы, оларды көкке көтеріп дәріптеу арқылы, Атамекенімізді, Отанымызды асқақтатамыз. Нәтиже ме?!.. Нәтиже!.. Мұны бір деп қойыңыз.

Екінші, Бұқара халық Отпан таудағы өте үлкен этно-мәдени орталықты өз күшімен тұрғызып мемлекеттің меншігіне өткізді. Жылма-жыл бұқаралық негізде сәулеттік ғимараттар мен мұрағаттар жиынтығын жасап және мерекені өткізудің шығынын белгілі бір дәрежеде өз мойындарына алып келеді. Бұл билік пен бұқара халықтың ұлттық мүдде мен елдікке деген ортақ ынтымақ-ықыласын білдірмей ме!? Бұқара халықтың ұлттың болашағы үшін белсенділік танытуы — баршамыздың басты байлығымыз емес пе?!.. Ұл-қыздарымызды ұлттық мақсатқа жұмылдыру дегеніміз осы емес пе?!.. Исламда: «Имандылықтың жолында бәсекеге түсіңіздер» демей ме?! Мысалы, мектепте балаларды оқу-білімге ынталандырудың әртүрлі амалдары бар ғой. Нешелеген жарыстар мен сынақтар сол балалардың болашағы үшін жасалынады. Мұны бұрын ұстаз болған ақсақалдарымыз бен аналарымыз жақсы біледі. Сондықтан Отпан таудағы өткізілетін мерекенің қызметі мен жауапкершілігін салт-дәстүр жолымен, қазақы шежіреге сай тектік тұрғыдан ақсақалдар мен

азаматтарға аманаттау үрдісі де тәрбиелік мәнге ие. Ешқандай қысым жоқ. Ата ұрпақтары мүмкіндігіне қарай қолынан келген іс-шарасын атқарады. Ең бастысы, бұқара халықты ұлттық мүдденің жолында белсенділікке итермелеу. Мемлекет онсыз да қадағалап, қызметін жасауда. Міне, биыл Қазақ хандығының 550 жылдығы құрметіне арналған Мұңал Ата ұрпақтары «Қарашаңырақ — бірліктің ордасы» атты ұранмен тізе қосып, үлкен ғимарат салып беріп отыр. Қаншама жастар атсалысты. Енді ол ғимарат бүкіл қазақ халқының, қазақстандықтардың игілігіне айналуда: көктемнің ортасына таман еліміздің әр түкпірінен қонақтар жиылып, көрісіп, қазақы рәуіште демалып, көкпар, ошақ бәйге, аламан бәйге, күрес сынды спорт түрлері мен поэзия, жыр, күйден дәстүрлі өнер кеші ұйымдастырылды. Екі күндік мейрамда ісі қазақтың баласы, ғалымдар мен білікті азаматтар бір үстелде бас қосып, Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында елдік, бірлік мәселесін көтеру, елді жақсы бастамаларға жұмылдыру бағытында әңгіме-дүкен құрып, алқалы кеңес өткізді. Имандылық пен халыққа қызмет жасаудың жолындағы рахмани бәсеке-үрдіс деп осыны айту керек. Нәтиже ме?!.. Нәтиже!

Үшінші, Елбасы осы жақында ғана дағдарысқа байланысты келелі жиын өткізіп пікірлерін айтты. Мемлекеттік қазынаға шама келгенше қол салмауға, ұлттық байлығымызды қорғауға, үнемдеуге шақырды. Кейбір халықтық мерекелерді қоғамдық негізде өткізуге үндеді. Біз Отпан таудағы мерекені шамамыз келгенше қоғамдық негізде өткізіп, халық болып жұмыла жүк көтеруге жылдан-жылға дағдыланып келеміз. Мұндай әрекеттің қаржылық есептен көрі рухани құндылығы басты екендігі жалпыға түсінікті. Ұлттық сананы ояту оған сенім артып, жауапкершілікті бөліп беруден басталады. Ұлтына сүйенген билік қана өміршең. Бұқара халықтың ұлт мүддесі жолында жетекшілік қасиетке ие болуы аз халыққа аса қажетті сапалық көрсеткіш емес пе?!.. Мерекелік шаралардың уақыты мен орнын ауыстыру оның маңызына, тәрбиелік мәніне нұқсан келтіреді. Әлемде қаншама атаулы күндер бар, мәдениетті елдер ондай тарихи сәттерге өте адал қатынас жасайды. Біздің азаматтар да бабалардан қалған салт-дәстүр мен атаулы күндерге адал болып, перзенттік парызға сай қызмет жасауымыз қажет-ақ... Мәселе мерекелік шараны өткізудегі қиыншылықтар мен кедергілерде емес, атаулы күннің қалыптасқан тарихи мәнін, мағынасын арзанда-тып, жоққа шығарып алмауда. Сол үшін Отпан тауда бұл ұлттық мерекені ақсақалдарымыз қатаң тәртіп пен ережеге сәйкес тойлап келеді. Нәтиже ме?!.. Нәтиже!.. Ұлттық мүдденің жолында тоғсайық, ағайын!!!

— **Сабыр аға, сұхбатыңызға рахмет!**

— Өзің де аман жүр, Ақбаян!







SABYR ADAY:

# «MY BROTHER, YOU ARE KAZAKH. REMEMBER IT»

**An extract from a letter of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Abishevich Nazarbayev to participants of opening of the historical and cultural complex “Otpan tau” on October 25,2007.**

«... names of our heroic ancestors are being revived from the bowels of history. While studying and restoring cultural heritage, we commenced treating our heroes with respect. Historical and cultural complex “Otpan tau”, located in ancient and sacred land Mangistau, has endured a lot in its lifetime and fire of unity has been ignited on its top more than once. Today the eternal flame will be lighted on Otpan tau. The mountain will become a symbol of veneration to the past and responsibility for the future.

This complex will remind of history of Kazakh nation to the rising generation. It will turn into sacred place of veneration not only for Kazakhstanis, but for Mangistau guests as well... ”

Historico-educational ethno-cultural center “Otpan Tau” was established on the basis of Kazakh national culture by Sabyr Aday, the honoured cultural worker of the Republic of Kazakhstan.

He is an author of the song “Sen kazaksyn” which is popular among both the young and the old.

Piercing and spiritual voice of Sabyr is the voice of Great boundless steppe ; life of any of us, born here in our native land, is inconceivable without it.

**- *Sabyr aga, eleven years ago your article about construction of monument-mausoleum of Aday-ata was published in Republican press. People supported the idea; the monument's inauguration was held in 2007. Today Otpan tau became a model of selfless devotion to Motherland for all Kazakhstan people.***

—Mangistau region is rich in oil and raw material. In order to validate historical essence of industrial region, mausoleum of Aday-ata was erected on the mountain Otpan. It was a necessary measure in the face of foreign political force, it was required for confirming our independence. All our acts were dictated by tradition, which had been set in people's conscience. Our goal is making use of people's ideas for organization and execution of national cultural events. Mausoleum is an illustrative example of urging people to find ways of consolidation and enhancement in order not to rise to the baits of external political games and reinforce nation's solidarity.

Government should instill significance into cultural events, executed on Otpan Mountain, especially in view of the fact that our neighbours are looking for a tasty morsel in this oil region. At the right time instigators would turn up.

Mausoleum of Aday-Ata is a seal on Otpan Mountain, proving eternal native land of Kazakhs.

Kazakh population decreased as a result of historical calamities and great perturbations; the qualitative composition suffered as well. The people had been gradually deviating from national traditions, forgetting about national pride. We should find ways of devoting ourselves to unity and consolidation. We should work out indisputable principles and wise advice on the basis of national customs and traditions, for example coming to someone's home, greeting (korysu). The main goal of national traditions' revival is awakening national spirit, self-conscience, and patriotism of Kazakhs.

Organization and execution of cultural events should be entrusted to people. Our patriotism will flourish in case we are entrusted with preservation of our inviolable values.

I suggest assigning organization of three celebrations dedicated to three juzes to elders and their assistants. Elders will be able to gather Turkic nations around common hearthstone.

These pure intentions and wishes became my call to action.

Government, above all, should comprehend significance of national events which are being conducted.

President Nursultan Nazarbayev and famous figures of the country expressed their wishes in relation to noble causes on Otpan tau. Annually, descendants of some tribes gratuitously construct cultural centers and contribute them to state balance. This is demonstration of patriotism.

**- *Sabyr aga, awakening kin conscience of Kazakh nations is the means of praising customs and traditions. I agree with you, organization of national celebrations should be entrusted to people.***

- Yes, you are right. We can make following conclusion: national and social systems are to be brought closer to realities of these days and unity is to be turned into their bond, also we should prevent isolation and separation of peoples, living in different regions.

We should retain national interests and provide a firm foothold for our leaders in the world political arena; it should be based on unity and integrity of the nation.

Kazakh elders, gathering on the 13-14 of March, through letter to Nauryz, should appeal to people for unity and consolidation. Thus Kazakh nation will become a guarantee of accord.

**- *What results of your activities are there? Under your guidance historical and cultural center Otpan Tau is known all over the country for its truly exalted ai ms...***

— Recently the Head of State expressed his opinion about global financial crisis. He asked us to preserve and save national wealth, not to spend it on national celebrations.

Year after year we conduct celebrations on Otpan Tau with the help of the public. Such events possess spiritual value.

The ruler, relying on nation, is glorious. In countries with developed cultures such historical moments are treated with due respect.

We should be true to our traditions, customs and significant dates, which had been handed down by our ancestors. It is not about complications and obstacles for conduction of events, it is about importance of not losing historical sense and cheapening the essence of significant dates.

That is why our elders annually hold event in accordance with strict rules. This is result in itself.

Brothers, we shall meet on the path of common interests!





*Өз мемлекетіміз үшін мақтаньш сезіміне бөленіп, қазір бүкіл дүниежүзі білетін  
Республика Туын, Елтаңбасын, Әнұранын ардақтап, құрметтеуге тиіспіз.*

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

*Долг каждого из нас — ценить и уважать Флаг, Герб и Гимн нашей республики.  
С ними мы преисполняемся чувством гордости за нашу страну. С ними мы ощущаем себя  
единой неразлучной семьей. С ними нас узнают, признают и приветствуют во всем мире.*

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**

*The duty of each of us is to appreciate and respect Flag, Emblem and Anthem  
of our Republic. They make us feel proud of our country. They make us feel like a single,  
inseparable family. They make us recognized, acknowledged and welcomed all over the world.*

**Nursultan NAZARBAEV**

**ОТАНДАСТАР  
СООТЕЧЕСТВЕННИКИ  
COMPATRIOTS**



# РЕКВИЕМ ПО ДОМБЕРЕ

Ерлан СЫДЫКОВ





**ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ** – ПРОСЛАВЛЕННЫЙ НА ВЕСЬ МИР СТАРЕЦ С ДОМБРОЙ, СИМВОЛ ПОЛИТИКИ СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА, ОН СМОГ ОСТАТЬСЯ В ПАМЯТИ НАРОДА ТЕМ, КЕМ БЫЛ НА САМОМ ДЕЛЕ – ПОЭТОМ-СКАЗИТЕЛЕМ, ИЗУМИТЕЛЬНЫМ АКЫНОМ, ПОЭЗИЯ КОТОРОГО БЕРЕТ НАЧАЛО ИЗ ГЛУБИН ВЕКОВ, КОГДА В КОЛЫБЕЛИ ТЮРКСКОГО КОЧЕВЬЯ ЗАРОЖДАЛСЯ КУЛЬТ СЛОВА.

ВОЛЕЮ СУДЬБЫ ЖАМБЫЛУ ДОВЕЛОСЬ ИСПОЛНИТЬ НА ИЗЛЕТЕ ЖИЗНИ ВАЖНЕЙШУЮ ФУНКЦИЮ АКЫНА – ОН ПОДДЕРЖАЛ ДУХ НАРОДА МНОГОНАЦИОНАЛЬНОЙ И МНОГОМИЛЛИОННОЙ СТРАНЫ В САМЫЙ ТЯЖЕЛЫЙ МОМЕНТ ИСТОРИИ, КОГДА ВРАГ, ВЕДОМЫЙ РАЗРУШИТЕЛЬНЫМИ ИНСТИНКТАМИ, СТОЯЛ У ВОРОТ ЛЕНИНГРАДА И МОСКВЫ, СОЗДАВ СТИХОТВОРЕНИЕ-ПЕСНЮ «ЛЕНИНГРАДЦЫ, ДЕТИ МОИ!». МОЖЕТ БЫТЬ, РАДИ РЕАЛИЗАЦИИ ЭТОЙ МИССИИ ВСЕВЫШНИЙ И ДАРОВАЛ ЕМУ СТОЛЬКО ЛЕТ ЖИЗНИ

**П**ринято говорить: Жамбыл — великий акын. При этом во всем мире славу сказителя спрягали с достижениями и победами державы, воспетой в стихах советского периода. В тени оставалась ведущая ипостась — подлинное акынство Жамбыла, суть его творчества, которое народно в полном смысле слова. Ибо настоящий акын рождается в стихии кочевья, пропитанного духом благоязычия, и бесстрашно бросается в жаркие поэтические схватки — айтысы, являя перед народом поэтический талант. Акыны не только несли в сказаниях мудрость веков, не просто поучали или наставляли людей, но изрекали правду прямо в глаза родовым правителям и всемогущим ханам. И неспроста в народе говорили, что можно снести дерзкому поэту голову, но нельзя лишить языка. Таким был и Жамбыл — бесстрашным искателем правды и средоточием народной мудрости, настоящим

акыном, талант которого засвидетельствован стихами.

Советской власти казалось, что она подчинила акына своим задачам. Но она не заметила, что акын продолжал выполнять свою сверхзадачу — он оставался истинно народным акыном, пел о жизни народа, его проблемах и о своих переживаниях, которые, собственно и были переживаниями всех людей, что и делало его народным акыном. В самом деле, Жамбыл славил советскую власть и освещал те вопросы, которые формулировала для него власть. Но в этом направлении функции акына и власти совпадали вполне гармонично: и акын, и власть в любом случае неизбежно возвращались к проблемам народа. Только акын был гораздо ближе к народу. И это очень ясно проявилось в Великую Отечественную войну.

#### **Время испытаний акына**

В 1940-41 годах Жамбыл сильно болел и уже не выезжал далеко из аула. К нему в Каракастек постоян-

но приезжал из Алма-Аты главный врач поликлиники Совмина Казахской ССР Хабиб Барлыбаев, которому решением правительства республики было поручено следить за здоровьем старца. Наверное, нужно было какое-то большое, доброе известие, чтобы акын решительно собрал силы, встряхнулся в борьбе с болезнью. Ведь после тех почестей, которые потоком изливались на его персону с государственных высот в течение нескольких последних лет, мало что могло удивить акына.

Однако советской власти удалось в очередной раз поразить его воображение. В марте 1941 года Жамбыл был удостоен Сталинской премии второй степени. Это была высшая награда в Советском Союзе за выдающиеся достижения в области литературы и искусства в 1940-54 годах. В 1941 году Сталинская премия вручалась впервые, и отбор кандидатов в лауреаты премии производился особенно тщательно. Сталин уделил пристальное внимание

отбору и утверждению кандидатов на премию своего имени, зачастую единолично решая вопрос о ее присуждении. Жамбыл Жабаев, наряду с Лебедевым-Кумачом, Георгием Леонидзе, Сергеем Михалковым, Александром Твардовским, получил Сталинскую премию второй степени с формулировкой «за общественные произведения».

Но возраст опять брал свое, и девяностопятилетний старец, утомившись, долго отдыхал дома. Тихая, умиротворенная, размеренная жизнь акына предвещала спокойные последние годы его века. Изредка он совершал прогулки. В июне, перед самой войной, поехал на машине на жайляу Кулансаз, неизбежную летнюю стоянку рода Екей. Глядя на милые сердцу пейзажи, пел лирическую песню:

С утра ползет прохлада с гор,  
На летнем пастбище — простор.  
Я вспомнил юности летовки...  
Ослаб я, одряхлел с тех пор.  
Взмахну-ка крыльями опять,  
Чтоб по горам покочевать!  
Что за туманец, что за дымка —  
Вершин желанных не видать!..

